

**Қашықтықтан оқыту жағдайында қосымша
білім беру ұйымдарының музыкалық, көркемдік, экологиялық-
биологиялық, туристік, ғылыми-техникалық бағыттардағы педагогтердің
жұмыстарын ұйымдастыру туралы
әдістемелік ұсыным**

Әдістемелік ұсынымдарды «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК Қарағанды облысының балалары үшін қосымша білім беру ұйымдары педагогтерінің шығармашылық тобымен бірлесіп жасады

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 01.04.2020 жылғы №123 бұйрығына сәйкес қосымша білім беру ұйымдарының қызметі 2020 жылғы 6 сәуірден бастап жұмыс бағыттарының ерекшелігіне сай оқу жағдайларын ескере отырып, жекеше түрдегі қашықтықтан оқыту режиміне өтті.

Қашықтықтан оқыту дегеніміз – педагог пен білім алушылардың арасындағы, оқу процесінің субъектілері мен ақпараттық ресурстардың интербелсенді өзара әрекеттесуі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 01.04.2020 ж. №123 бұйрығымен бекітілген Әдістемелік ұсыныстарға сәйкес БҚББ қашықтықтан оқытуды электронды платформалар және басқа да электрондық дереккөздерін (электронды пошта, WhatsApp-чат, Telegram каналы және т.б.) қолдана отырып жүзеге асырады (видео-сабақ, өздік жұмыс, қашықтық курстары, чат-сабақтар, веб-сабақтар, телеконференция, көрме, театр, мұражайларға виртуалды саяхат және т.б.).

Оқу процесін ұйымдастыру бекітілген оқу жүктемесіне сәйкес, оқу жұмыс жоспарымен, оқу бағдарламаларымен, сабақ кестесімен жүзеге асырылады.

Педагогикалық іс-әрекет қашықтықтан оқытудың қолайлы, қолжетімді және ыңғайлы форматын ескере отырып ұйымдастырылады.

Қосымша білім беретін ұйым педагогтеріне мына үлгіде сабақ кестесін қою ұсынылады: сағат 08.00-ден 13.00-ге дейін – 1 ауысым; сағат 14.00-ден 18.00-ге дейін – 2 ауысым, дүйсенбіден жұмаға дейін. Сенбі күні оқу процесін мақсатты түрде сағат 09.00-дан бір ауысымда басатау керек. Сабақтың ұзақтығы 10 минуттан 30 минутқа дейін.

Қажет болған жағдайда, оқу процесінің кестесіне, оқу бағдарламаларының мазмұнына түзетулер енгізіледі, білім алушыларға жүктемені азайту мақсатында бағдарлама талаптарына өзгертулер енгізіледі, өзгерістер оқытудың икемді ұйымдастырушылық формасын құру қажеттілігінен туындайды. Педагогтер сабақ кестесін, күнтізбелік-тақырыптық және жеке жұмыс жоспарларын реттеулері

керек, веб-сайттарға, цифрлық кітапханаларға және басқаларға сілтемелерді пайдалана отырып, оқу материалдарының құрылымын өзгерте алады, балалардың жеке және жас ерекшеліктерін ескере отырып, қашықтықтан жұмыс жасаудың жеке тапсырмаларын дайындаулары қажет.

Әр педагог өз жұмысында сабақтарды жүргізу және сабақтарды есепке алу формаларын өзіне және білім алушыларға ыңғайлы етіп таңдайды.

Қашықтықтан оқыту моделінде білім алушының өздік жұмысы және мұғаліммен өзара әрекеттесудің икемді үйлесімі болуы қажет. Қашықтықтан оқыту жүйесінде білім алушылардың өз жұмысын талдап, үлгерімін бағалай алатын кері байланыс орнатуды қарастыруы керек.

Анықтама.

Қашықтықтан оқыту бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін ҚББҰ педагогтері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы «01» сәуірдегі № 123 бұйрығына сәйкес 3 Қосымшамен танысулары керек.

Атап айтқанда, 3 Бөлім БҚББ ұйымдарының білім беру процесіне қатысушылардың қызметі.

Сабақтарды ұйымдастыру үшін әр педагог өз жұмысына қолжетімді, ыңғайлы электронды платформаларды таңдайды, қосымша коммуникациялық құралдарды (электронды пошта, WhatsApp, Telegram және т.б.) қолданады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 04.08.2020 жылғы №135 бұйрығына сәйкес педагог ата-аналардан білім алушылардың тапсырмаларды орындап жатқандығын растайтын фотосуреттер мен видео материалдар сұрамайды. Педагогтерден қашықтықтан оқыту кезінде қосымша есеп түрлерін толтыру және тапсыру талап етілмейді (Қашықтықтан білім беруді ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар 4 тармақ).

Қосымша білім беру ұйымдарында білім алушылармен жұмыс топпен де, жеке де жүргізіледі. Қашықтықтан оқыту формасына ауысу кезінде оқу процесінің ерекшеліктерін ескеру қажет:

- оқытудың жеке формасы үшін педагогтерге сабақтың видеоларымен алмасу жүйесін пайдалануға кеңес беріледі. Білім алушы ата-анасының көмегімен сабақты өзіне ыңғайлы уақытта жазып, оны педагогке жібереді. Сабақ жазбасын көргеннен кейін педагог міндетті түрде түсініктеме бере отырып, ұсыныстар жасайды, оларды бейнежазба түрінде рәсімдейді. Ата-аналарға үй тапсырмасын бақылау кезінде қандай әрекетті ескеру керектігі туралы түсініктеме беріліп отырылады. Бейнежазба пошта арқылы немесе платформа арқылы білім алушы мен оның ата-анасына жіберіледі. Содан кейін білім алушы бейнежазбаны көріп, оқытушының ұсыныстары бойынша жұмыс жасайды. Сабақтардың барлық

бейнежазбалары арнайы электронды папкаларда оқытушы мен білім алушыда сақталады. Бұл кез келген уақытта өткен сабақ мазмұнына қайта оралуға мүмкіндік береді. Сабақтың қосымша түрі ретінде білім алушыларға шығармалар туралы толық ақпаратты интернет арқылы тыңдауға болатындығы ұсынылады;

- топтарда сабақ өткізу үшін мәтіндік файлдар, аудиофайлдармен алмасуға болады. Мысалы, сольфеджио сабақтарында музыкалық редакторлардың көмегімен жазылатын файлдар қолданылады («Sibelius», «Finale» т.б.), бұл сізге тапсырманың жазбаша және дауыстық нұскасын алуға мүмкіндік береді. Осылайша, барлық есту формаларын пысықтауға болады. Білім алушылар әндерді дыбыстық файл түрінде жазып, мұғалімге жібереді. Сондай-ақ, электрондық пошта немесе платформа арқылы алмасуға болады. Осындай түрде білім алушыға үй тапсырмасы беріледі. Музыкалық әдебиет сабақтарында аудио және видео файлдар алмасу ұсынылады, интернет-ресурстар кеңінен қолданылады, атап айтқанда, симфониялық, опералық жазбалар және танымал музыканттардың қойылымдары. Мұғалімдер сабақтың тапсырмалары ретінде тестілеу және музыкалық викторина сияқты формаларға жиі жүгінеді. Бұл жағдайда бақылаудың бұл формалары ең тиімді болып табылады.

Қазіргі уақытта әлемдік мұражайларға виртуалды саяхаттар ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет. Пандемия кезінде дүние жүзі бойынша көптеген мұражайлар жабылды, бірақ олар өз залдарына ақысыз, виртуалды түрде кіруге жағдай жасаған. Музейлердің көпшілігінің YouTube-те каналдары бар. Мысалы, YouTube-те - Ресей мұражайының арнасында дәрістердің жазбалары, көрме кураторларымен кездесулер, орыс музейлерінің залдарына экскурсиялар бар. Театр мен шетелдік хореография тарихын қашықтықтан зерттеу барысында әртүрлі интернеттегі қойылымдарға қатысуға мүмкіндік бар.

Бейнелеу өнері сабақтарына дайындықтың келесі алгоритмі ұсынылады: мұғалім жаңа тақырыпты түсіндіретін бейнероликті жазып алады. Берілген тақырып бойынша презентацияны, сонымен қатар фотоматериалдарды, бейнежазбалар мен басқа да материалдарды көруге сілтемелер ұсынады. Кез-келген ыңғайлы платформада тапсырма береді.

Білім алушы өзіне ыңғайлы уақытта тапсырмаларды орындайды және тапсырманы орындап болған соң педагогке жұмысын жібереді.

Сонымен қатар, егер тапсырма түсініксіз болса, білім алушы мұғалімге WhatsApp, Telegram, ұялы және қалалық телефондар арқылы, электрондық пошта бойынша қосымша сұрақтар қоя алады. Мұғалім түсіндіреді және қойылған барлық сұрақтарға жауап береді. Осыдан кейін білім алушылар тапсырманы орындауға кіріседі. Бұл этюдтер, суреттер, шығармалар эскиздері және т.б. болуы мүмкін. Тапсырманы орындағаннан кейін білім алушылар орындалған жұмыстың нәтижесін суретке түсіріп, мұғалімге жібереді, ол білім алушылардан алынған барлық материалдарды қарап, әр жұмысына өз бағасын береді, чатта нені түзетуге

болатындығын түсіндіреді және білім алушылар жұмысты орындауда қиындық тудырған сұрақтарды қояды. Білім алушылар сонымен қатар сыныптастарының жұмысын қарап, өз бағаларын бере алады, пікірталасқа қатыса алады.

Сабақтың соңында мұғалім үй тапсырмасын береді, WhatsApp тобында жеке кеңес алу уақытын белгілейді, онда бейнеқоңырау режиміне кіруге, оқушының жұмыс барысын тікелей көруге, жұмысын реттеуге, эскиздерді талқылауға болады.

Алдыңғы тоқсанда балалар жеткілікті мөлшерде оқу материалдарын алды. Олар әртүрлі шығармаларды, билердің, этюдтердің үйлесімін, концерттік репертуардың бір бөлігін, спектакльдердегі монологтарды және т.б. үйренді.

Музыкалық бөлімдерде, концертмейстермен жұмысты ұйымдастыру үшін келесі жұмыс әдісін қолданған жөн: балалар тобының концертмейстері немесе аспаптық солист музыкалық материалдарды өткен шығармаларға немесе қимылдардың комбинациялары бойынша жазады және оларды балаларға жібереді. Осылайша, білім алушылар үйде сүйемелдеумен жаттығулар жасай алады. Білім алушы ата-анасының көмегімен сабақты жазып алады және жазбаны электрондық поштамен немесе басқа бір платформа арқылы педагогке жібереді. Педагог қол жетімді қарым-қатынас құралдарын қолдана отырып, білім алушылардың жұмысын реттейді, әрі қарай өздік жұмыс үшін ұсыныстар жасайды. Білім алушылар оқылған туындыны, комбинациялар, жаттығулардың кезектілігін, монологтағы рөлдерді және т.б. көрсетеді. Алдағы уақытта мектептік қашықтан байқау ұйымдастыруға немесе ата-аналар не балалардың өздері жасаған бағдарламаны орындаған жазбалары бойынша академиялық концерт өткізуге болады.

Хормен жұмысты 4 адамнан тұратын топтар бойынша ұйымдастыру ұсынылады, барлық бір хор партиясы – сопрано I, немесе сопрано II, немесе альталар. Өз бетінше оқуға арналған алдын ала жіберілген партиялар ноталық редакторда терілген аудиофайлдан және ноталық мәтіннен тұрады. Педагог келесі тапсырмаларды бере алады: аудио-файлды нота мәтінімен қатар тыңдау. Партияны аудио файлды қолдау ретінде пайдалана отырып орындау. Фортепьянода ойнау және өз партиясын орындау: нота атауымен, мәтінімен. Әуенді жаттау, барлық куплеттерді мәтінімен ойнау және ән айту (егер бұл куплеттік түрде болса).

Бақылау ретінде орындаушы анық көрінетін бейнежазбаны пайдалана отырып, партияларды қабылдауға болады. Немесе байланыс сеансы кезінде.

Көбінесе күндізгі оқу бөлімінде хор сабағында жеке жұмыс үшін жеткілікті уақыт жоқ. Шағын топтарда қашықтықтан оқыту нысанын жеке жұмыс істеу үшін пайдалану орынды, мысалы, дұрыс артикуляция, дикция, тыныс алу, дыбысталу дағдыларын түзету және бекіту. Тапсырмаларды тексеру, ұсыныстар беру, балалардың ой-өрісін кеңейту, кәсіби бағдар беру қажет.

Көп дауыспен онлайн режимде жұмыс істеу орынсыз, өйткені интернет қажетті дауыс санын дыбысты бұрмалаусыз және уақыт бойы кідіріссіз сапалы деңгейде біріктіруге мүмкіндік бермейді.

Осылайша, педагогтер көбірек баламен жеке жұмыс істеуге немесе шағын топтарда жұмыс істеуге ауысады. Педагогтердің жүктемесі ұжымдық, ансамбльдік жұмыс түрлерін мамандықтар бойынша жеке сабақтарға ауыстыру арқылы сақталады. Ұжымдық нысандарды (хордың жиынтық дайындығы, концерттік нөмірлер, спектакльдер және т.б. қою) карантиндік кезеңнен кейін көшіру орынды.

Экологиялық – биологиялық, туристік, ғылыми – техникалық бағыттағы педагогтерге робототехника, ботаника, туризм және өлкетану және т. б. бойынша қашықтықтан оқыту сабақтарын әзірлеу ұсынылады. Әрбір педагог өзіне ыңғайлы электрондық платформаны дербес таңдайды, әртүрлі ақпараттық оқыту материалдарын (мәтіндік, презентациялар, графикалық, медиа, суреттер, кестелер, инфографика және т.б.) пайдаланады. Педагог білім алушыларға жеке мүмкіндіктері мен ерекшеліктерін (шығармашылық, жобалық жұмыстар, зерттеу) ескере отырып, өз бетімен оқу және орындау үшін тапсырмалар бере алады, сондай-ақ қолдан жасалған бұйымдар, макеттер және т.б. дайындау бойынша нұсқаулықтар әзірлей алады. Әлеуметтік желі чатында, электрондық пошта арқылы топтық хат алысу және т.б. ұйымдастыру орынды.

Педагог білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (заңды өкілдерімен) кері байланыс ұйымдастыру, тапсырмалардың орындалуына талдау жүргізу, түсініктеме беру және ұсыныстар беру, білім алушыларды нәтижелерімен таныстыру, жобалау қызметі бойынша консультациялар жүргізуі қажет.

Сонымен қатар, қашықтықтан өткізілетін челленджер, викториналар, бейнероликтер байқаулары, презентациялар, балаларды қызықтыратын және өзекті тақырыптарға видеодәрістер, сондай-ақ білім алушылар жұмыстарының онлайн көрмесін өткізу ұсынылады.

Анықтама.

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК сайтының «Ақпарат» бөлімінде, «Қашықтықтан оқыту» қосымша бөлімінде балаларға қосымша білім беру педагогтеріне арналған материалдар орналастырылған.